

**Ш.С. Келмағамбетова**

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті*

*Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.*

 <https://orcid.org/0009-0003-5067-250X>

*email: [star8201@mail.ru](mailto:star8201@mail.ru)*

**С. А. Кенжеғалиев**

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті*

*Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.*

 <https://orcid.org/0000-0001-8412-6716>

*email: [sayan582@mail.ru](mailto:sayan582@mail.ru)*

**Ж.М. Баймұрынов**

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті*

*Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

 <https://orcid.org/0000-0003-4980-1397>

*email: [janbolat\\_b\\_m@mail.ru](mailto:janbolat_b_m@mail.ru)*

**ҚАЗАҚ ДІЛІНДЕГІ «ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ  
ТІЛДІК КӨРІНІСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ менталитетіндегі «қонақжайлық» концептісінің тілдік репрезентациясы қарастырылады. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі «қонақжайлық» ұғымын білдіретін лексикалық және фразеологиялық бірліктер жүйеленіп, аталған ұғымның мазмұны ұлттық дүниетаным контекстінде жан-жақты айқындалды. Тілдік деректерді талдау нәтижесінде «қонақжайлық» ұғымының қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар жүйесінде маңызды орын алатыны және адамгершілік қағидаларымен өзара тығыз байланысты екені анықталды. Қазақ тілінде осы концепт көрініс табатын лексикалық бірліктерді талдау арқылы оның қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар жүйесіндегі орны мен негізгі мәні айқындалып, маңызы ашылды, сондай-ақ «қонақжайлық» концептісінің тілдік репрезентациясы арқылы берілетін ұлттық менталитет пен дүниетанымның өзіндік ерекшеліктері белгіленді. Мақаланың мақсаты – қазақ халқының ұлттық санасындағы «қонақжайлық» концептісін және оның тілдік бірліктердегі көрінісін зерттеу болып табылады. Мақалада ядролық лексемалар мен жақын және алыс периферия лексемаларынан тұратын концептінің құрылымдық моделі ұсынылады. «Қонақжайлық» ұғымының қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде және түрлі лексикалық бірліктерде көрініс тапқаны және ұлттық дүниетанымның аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны анықталды. Қонақжайлық қазақ халқының негізгі моральдық және адамгершілік мінез-құлық қағидаларының бірі ретінде ғасырлар бойы қазақ менталитеті мен мәдениетінің қалыптасуы мен одан әрі дамуына елеулі үлес қосты. Ассоциативтік эксперимент негізінде қазіргі

заманғы қазақ қоғамындағы «қонақжайлық» ұғымының «қонақты құрметтеу», «дастарқан жаю» мен «құрмет көрсету» сияқты дәстүрлі ұғымдармен сабақтастығы анықталды. Алынған нәтижелер қазіргі контекстегі тіл мен сөйлеудің өзара байланысын неғұрлым тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** «қонақжайлық»; діл; тіл; құндылықтар; тілдік бейнелеу; ұлттық сана-сезім

#### **Мүдделер қақтығысы:**

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

#### **Мақаланың тарихы:**

Түскен мерзімі: 11.02.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 28.05.2026

#### **Кіріспе**

«Дүниені тану тілге тәуелді», – деген Вильгельм фон Гумбольдт (1984, б. 159) идеясына жүйелі түрде сүйенетін болсақ, онда «діл» мен «тіл» ұғымдарын тең мәнде қарастыру қажет. Діл тек тіл арқылы көрініс табады. Діл – адамзаттың рухани әрекетінің негізін құрайтын, оның ең маңызды көріністерінің бірі. Қазіргі семиотика ғылымы рухани әрекеттің кез келген түрі – идеология, мәдениет, ғылым, өнер, этика және т.б. – өзінің табиғаты жағынан таңбалық (семиотикалық) сипатқа ие екенін алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, кез келген құбылыс немесе үдеріс өзімен шектеліп қалмай, өзге мәнді білдіретін болса, ол таңбалық сипаттағы құбылыс болып есептеледі.

Зерттеудің өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады: біріншіден, қазіргі антропоцентрлік парадигмада тіл тек коммуникация құралы емес, танымдық ойдың көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл бағыт Джордж Лакофф (Lakoff, 2018) еңбектерінде кеңінен дамыған. Екіншіден, «қонақжайлық» концептісі – тек этнографиялық құбылыс қана емес, ол әмбебап категория ретінде әлем халықтарының зерттеу нысанына айналған. Мысалы, мәдениетаралық қарым-қатынаста “hospitality” концептісі әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды моделі ретінде қарастырылады. Үшіншіден, қазақ тіл білімінде бұл тақырып зерттелгенімен, оның терең когнитивтік, этимологиялық және семасиологиялық қабаттары жеткілікті деңгейде ашылмаған. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – қазақ лингвомәдени кеңістігіндегі «қонақжайлық» концептісін қазіргі халықаралық ғылыми бағыттармен сабақтастыра отырып, оның терең мазмұндық құрылымын анықтау. Ғылыми жаңалығы:

- «қонақжайлық» концептісі алғаш рет антропоцентрлік парадигма аясында кешенді түрде қарастырылады;
- қазақ тіл біліміндегі тұжырымдар әлемдік когнитивтік лингвистика теорияларымен интеграцияланады;
- концептінің ядро-периферия құрылымы анықталады;
- ассоциативтік эксперимент нәтижелері көпдеңгейлі талдау арқылы қайта интерпретацияланады.

Діл – ұлттық тілдің ерекшеліктерімен айқындалатын ерекше таңбалық жүйе. Діл тілде өз болмысын объективтендіреді деуге болады, ал тіл – онда дүниетаным ерекшеліктерін, құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық нормаларын

қалыптастыратын негіз ретінде әрекет етеді. Ұлттық ділді тілдік діл ретінде қарастырғанда ғана оны айқын көруге болады, себебі тіл ғана ділдің өмір сүру ортасы ретінде объективті түрде берілген (Радбиль, 2013, б. 5). Ділді дәл осылай орыс зерттеушісі В.В. Колесов те түсіндіреді: «Діл – ана тілі категориялары мен формаларында жүзеге асатын дүниені тану, ол таным үдерісінде ұлттық сипаттың интеллектуалдық, рухани және еріктік қасиеттерін олардың типтік көріністері арқылы біріктіреді» (2004, б. 10). Әр халықтың тілдік санасы оның сөйлеу ерекшелігі арқылы, соның ішінде ұғым, сөз, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер т.б. тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Яғни діл тілдік көріністер арқылы көрініп, әр елдің ерекшелігін сипаттайды. Біздің басты назар қазақ діліндегі «қонақжайлық» ұғымының тілдік көрінісі болмақ. Қазақ халқы өзге ұлтқа мүлдем ұқсамайтын, өзінің өмір сүру тәсілі мен ойлау жүйесі ерекше, жеке діл иесі болғандықтан, зерттеуде сол көріністі аңғару үшін халқының ұлттық ерекшелігін айқындайтын «қонақжайлық» ұғымына тоқталып, тіл арқылы ұлттың танымында қалыптасатындығын байқаймыз. Қазақ санасында ғасырлар бойы сақталған бұл ұғым – діл көрінісінің айқын құндылығы. Қонақжайлық – қазақ халқы үшін тек дәстүр ғана емес, қазақ халқының ерекшелігін сипаттайтын өмір сүру салты мен дүниетанымы.

Қазіргі когнитивтік лингвистикада концепт – мәдени-танымдық бірлік ретінде ұрастырылады. Джордж Лакофф (Lakoff, 2018) концептіні адамның тәжірибесіне негізделген құрылым деп анықтаса, Анна Вежбицкая (Wierzbicka, 1992) әмбебап семантикалық примитивтер теориясын ұсынды. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі «қонақжайлық» концептісі әлемдік «hospitality» ұғымымен салыстырғанда:

- қазақ мәдениетінде сакралды сипатқа ие;
- батыс мәдениетінде прагматикалық сипат басым.

Зерттеушілердің көпшілігі ділдің репрезенттелуінің басты қайнар көзі – тіл деп есептейді. Бұл жөнінде орыс филолог-лингвисті А.Т. Хроленко «ментальділік тілде лексика (тірек сөздер) және грамматика (категориялар мен құрылымдар) деңгейінде көрініс табады», – деп алғаш сөз қозғады (2000, б. 30). Ділдің теориялық негіздері Вильгельм фон Гумбольдт (1984), А.А. Потебня (1922), И.А. Бодуэн де Куртенэ (1963) еңбектерінде қаланса, ділдің тіл арқылы көрініс табатынын лексика және фразеология арқылы зерттеген ғалымдары А. Вежбицкая (Wierzbicka, 1992), Г. Гачев (1995), М. Валова, З. Темиргазина и др. (Valova, Temirgazina, et al., 2023), Д. Пирназарова (Pirnazarova, 2024), А. Джафарлы (Jafarli, 2025) болды. Ұлттық діл мәселесі ғалымдары Д.К. Кішібеков (1999), Т.К. Бурбаев (2004), А. Құдабаев (2004) зерттеулерінде қарастырылады. Осы тұста В.В. Колесовтің «Бүкіл тіл жалпы алғанда халық ділдің тасымалдаушысы бола алады» деген пікірі орынды (2004, б. 42). Зерттеу жұмысымыздың нысаны «қонақжайлық» ұғымына қатысты тұжырымды пікірлер айтқан қазақ зерттеушілері З.К. Сұрағанова (2006), А.Т. Оналбаева (2010), З.К. Ахметжанова (2012) болды.

### **Материал және әдістері**

Зерттеу барысында келесі нақты лингвистикалық әдістер қолданылды:

- концептуалдық талдау (концепт құрылымын анықтау);
- компоненттік талдау (мағыналық құрамды жіктеу);
- ассоциативтік эксперимант;

- когнитивтік модельдеу;
- салыстырмалы-мәдени талдау (қазақ және батыс мәдениеті).

Зерттеу материалы ретінде 120-дан астам тілдік бірлік (мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, көркем мәтіндер); М. Әуезовтің «Абай жолы» романы сияқты әдеби деректер; заманауи тілдік қолданыстар пайданылды.

«Қонақжайлық» ұғымының қазіргі қазақ қоғамындағы өзектілігін анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент жүргізілді. Экспериментке 50 респондент қатысып, алынған ассоциациялар семантикалық топтарға жіктелді. Зерттеу нәтижесінде тілдегі діл көрінісін анықтау мақсатындағы «қонақжайлық» ұғымын айқындайтын сөздердің танымдық әлеуеті сипатталды. Қонақжайлық ұғымының ділдік көрінісі тәжірибе арқылы дәйектелді. Сонымен қатар нәтижесінде: жиілік талдау, ядро және периферия әдісі, семантикалық топтастыру арқылы өңделді.

### Нәтижелер мен талқылау

Әр тілдер арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтар болады. Алайда тіл мен ойлау арасындағы байланыс бар екендігі – ақиқат. Бұл байланыс әлемнің ментальдық құрылымдарында көрініс тауып, негізделеді, ал бұл тілдік құрылымдар арқылы беріледі. Тіл мен ойлау, тіл мен діл, тіл мен этнос арасындағы өзара байланысына қатысты және бұл байланыстар әрбір нақты тілге тән бірегей қабылдау тәсілі деген пікірлер де дау тудырып отыр. Ділдің тілдегі көрінісін анықтау барысында тілдік деректерді алға тартып, тілдік бейнені анықтап, ұлттың діліне жақын ұғымдарды қарастыру маңызды. Осы мәселелерді талдау үшін «Қонақжайлық» ұғымы мысалға алынды. Бұл ұғым – әрбір этнос өкіліне тән әрі таныс ұғым. Алайда әр этностың санасы мен тілінде әртүрлі деңгейде қаралып, қолданылады. Зерттеуші З.К. Сұрағанова қонақжайлық ұғымы – бірнеше міндетті құрамдас бөліктерден тұрады деген пікір білдіреді. Оның айтуынша, қонақты, оның мүлкін қорғау және оған қол сұқпау, үйге қону, ас беру, келген қонақты шығарып салу, қажет болған жағдайда ат мінгізіп, сыйлықтар беру – қонақжайлықтың міндетті бөлігі болып есептеледі (Сурағанова, 2006, б. 115). Байқағанымыздай, қонақты күту – бірнеше біртұтас әрекеттердің кешенінен тұрады.

Зерттеуші З.К. Ахметжанова «Қонақжайлық деңгейі материалдық жағдайға байланысты әртүрлі болуы мүмкін, алайда қандай жағдайда да қазақты қонақжайлықсыз, қонақсыз, қонақ қабылдауға әрдайым жайылған әрі дайын дастархансыз елестету мүмкін емес», – дейді (2012, б. 114). Яғни материалдық жағдай әртүрлі болса да, қонаққа құрмет пен дастарқанға дайындық қазақтың рухани байлығы мен адамгершілік қасиетін көрсетеді. Қазақ халқының танымындағы «қонақжайлық» туралы зерттеуші Б. Нұрдәулетова былай дейді: «Қазақ халқының когнитивтік ойлауында қонақ көптеген халықта кездесе бермейтін ерекше танымға ие. Оған “құтты қонақ келсе, қой егіз табады”, “қонақ өз несібесімен келеді”, “қырықтың бірі – Қыдыр” тәрізді мақал-мәтелдер дәлел болады. “Атаңнан қонақ ұлы”, “қонағы разы болса, Құдай разы” афоризмдеріне негіз болып тұрған ұлттық аялық білімді былайша жүйелеуге болады: “адам баласының мақсаты – Құдайды разы ету, Құдайға жазықты болып қалмау, егер қонақты разы қылсаң, Құдай да саған разы” немесе “адам баласы үшін өзін дүниеге әкеліп, бағып қаққан ата-анадан құрметті адам жоқ. Құранда: “алдымен ата-анаңды, сосын тағы да ата-анаңды сыйла”, – деген. Ал қонақ ата-анаңнан да құрметті, ұлы. Осы түсініктің өзі қонақтың қазақ халқының лингвомәдени санасында қаншалықты маңызды орын

алатынын көрсетеді» (Нұрдәулетова, 2010, б. 136)

Зерттеу нәтижесінде «қонақжайлық» концептісінің құрылымы анықталды (сүрет 1).



Сүрет 1. «Қонақжайлық» концептісінің моделі: ядро – жақын периферия – алыс периферия

Концептінің құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) ядро: *құрмет, дастарқан, қонақ күту*;
- 2) жақын периферия: *бата, төр, сыйлық*;
- 3) алыс периферия: *әлеуметтік мәртебе, материалдық жағдай, уақыт факторы*.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қонақжайлық қасиет қазақтарға ежелден тән. Бұл туралы XIX ғасырдың аяқ кезінде орыс зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлық қасиетімен таңғалдырды. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет» (Елжановтың, 2023 еңбегінен цитата). Әр қазақтың бұл қасиетін көріп, сезінген адам риза болатыны анық. XIX ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілердің бірі Ф. фон Хелльвальд та былай жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың киізүйіне кіріп жайғасқан кез келген жат жерлік адамның өзі біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйықтай беруіне әбден болады».<sup>1</sup> Байқағанымыздай, неміс зерттеушісі де қазақтардың қонаққа ерекше құрмет көрсетіп, үйге келген қонақ үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болатындығын меңзеп отыр.

#### Этимологиялық және семасиологиялық талдау

«Қонақ» сөзі түркі тілдерінде «*келуші*», «*уақытша тұрақтаушы*» мағынасын білдіреді. Семасиологиялық тұрғыдан:

- бастапқы мағынасы – «*келуші адам*»;
- кейінгі мағынасы – «*қасиетті, құрметті тұлға*». Бұл өзгерістер концептінің сакрализация процесін көрсетеді.

Қазақ тілінде «қонақжайлық» репрезентациясы төмендегідей деңгейде көрінеді:

<sup>1</sup> Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «МӨҢГЛІК ЕЛ» қоғамдық бірлестігі әзірлеген. URL: <https://qazaqjoly.kz/konakzhajlylyk-kazaky-kasiet/> (қаралған күні: 10.12.2025).

1. Лексикалық деңгейде: қонақ ұғымына байланысты атаулар мен сөздер ұлттық тәжірибені бейнелейді. Мысалы: *қонақ, қонақ бөлме, қонақ кәде* т.б. Құт, береке мен ырыс мағыналарының қонақпен жиі байланыста болуы.

2. Фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер: қонақжайлықтың тілдік көрінісі қалыптасқан тұрақты тіркестер арқылы бейнеленуі. Мысалы: *қонақ кәде беру, қонаққа барсаң, тойып бар, қонақ сыбағасы, қонақтың жолы бөлек* т.б. Бұл бірліктер қонақтың мәртебесін, оған көрсетілетін қызмет пен әрекеттерді бейнелейді.

3. Паремияларда көрінеді: мақал-мәтелдер ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі. Қонақжайлыққа қатысты мақал-мәтелдер жиі оң мағынада қолданылады. Мысалы: *Қонақ келсе – құт, қонақтың алғысы – Тәңірдің рақымы* т.б.

4. Коммуникативтік дискурста: қонаққа байланысты сөйлеу актілері (дәм ауыз тигізу, тілек айту рәсімдері) де қонақжайлық ұғымын көрсетеді. Мысалы: *қонақтың хал-жағдайын сұрау, амандық сұрасу ережелері, қадамыңыз құтты болсын, берекелі қонақ болыңыз секілді жақсы ниет білдіру ережелері*.

5. Қонақжайлықтың прагматикалық және этнографиялық аспектілері: қазақ қоғамында қонақ күту рәсімі нақты дәстүрлердің жүйесін қалыптастырды. Мысалы: *ерулік* – жаңа қоныстанған кісілерге ас беру қонақжайлық белгісі, *қонақасы* – арнайы қонаққа дайындалатын ас, *бата беру, шашу шашу* сияқты рәсімдер де қонаққа қатыстылығы арқылы әлеуметтік байланыс функциясын атқарған. Бұл дәстүрлер тілдік бірліктермен қатар қонақжайлық ұғымының этномәдени мазмұнын айқындайды.

Ұлттық танымда *қонақ* үш түрге бөлінеді. «*Арнайы қонақ*» – арнайы шақырылған, алыстан ат терлетіп келген жақын туыс, құда-жекжет, сыйласқан дос-жаран, нағыз сыйлы қонақ. «*Құдайы қонақ*» – кездейсоқ жолаушы, өзің танымайтын, білмейтін, алыс жақтан жолаушылап жүріп ат басын бұрып келген жолаушы. Бұл тіркестің шығуы да – Ибраһим пайғамбардың киссасынан қалған өнеге. Қиссада Ибраһим пайғамбарға Алланың әмірімен жақсы және жаман жаңалық алып келген үш періштені қонақтың ең жоғарғы деңгейімен көрсетеді. Тіпті жалғыз малын сойып, пісіріп алдарына қойғанда: «*Біз Құдайдан жаңалық алып келген періштесі едік, біз ішіп-жемейміз*», – дейді. Осыдан «*құдайы қонақ*», «*Құдайдан келген қонақ*» деген термин қалыптасып, күтпеген жерден келген кісіні шаруасын сұрамастан шаңыраққа кіргізіп күтіп, ас беру қазақтың дәстүріне ұласты. «*Қыдырма қонақ*» – ет жеп, қымыз ішіп, үй-үйді, ауыл-ауылды кезіп аралап жүрген қонақ. Қонақты қазақ халқы қадір тұтып, құрмет көрсеткен. Қазақ халқы – ертеден мол дастарқан жаюдың шебері, дастарқаннан ұлы нәрсе жоқ. Бір дастарқан басында отырып, дәм татқандар өзара қиянатқа бара алмайды. Бір үйге барып немесе үлкендерді үйіне қонақ еткен болса, «*дәмдес болғанбыз*», «*қолынан дәм татқанбыз*», «*дәмнен үлкен емеспіз*», «*дастарқанға бата берген*» деген сияқты жақсы сөздер де – қазақтың көрінісі. Қонаққа сый-сияпат, ерулік, көңіл шай беру сияқты дәстүр де – қазақтың кеңпейілділігінің белгісі. Қазақта қонаққа қатысты мақал-мәтелдер де аз емес. «*Қырықтың бірі – Қыдыр*», яғни қазақтың түсінігінде Қыдыр – сәттілік пен бақ ала келетін кісі. Күнделікті кездесетін адамдардың арасында Қыдыр кездесуі мүмкін, сондықтан үйге келген қонаққа еш реніш білдірмей, сый-құрмет көрсету әрбір қазақтың парызы болып есептелген. Жолаушы бір ауылдан екінші ауылға баруы үшін жолға ешқандай азық алмаған, себебі «*құдайы қонақын*» деп кез келген үйге

кіріп еркін жүре берген. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген мақалдың астарынан да қонақтың қазақ ұғымында үйге құт пен береке ала келетіндігімен қатар, қонақтың жоғары мәртебеге ие екендігі аңғарылады. Айта кету керек, егер үй иесі қандай да бір себептермен қонақасы дәстүрін сақтаудан бас тартса, оған қатысты (ежелгі уақытта) айыппұл санкциялары қолданылатын болған. «Қонақ келсе – ет пісер, ет пінесе – бет пісер» мақалының негізі «қонақ келгенде ет асып, құрмет білдіру керек» дегенге саяды, ал «ет пінесе – бет пісер» дегені «қонақтың алдында ұят болып, үй иесінің абыройы түседі» дегенді меңзейді (Тұрманов, 1997, б. 92).

Ділдің тілдегі тағы да бір көрінісін анықтау барысында ақын Қ. Мырзалиевтің «Қазақ пен қонақ» өлеңіне де тоқтала кетсек. Бұл өлеңде қазақ халқының ділі мен болмысы, өмір сүру салты мен рухани құндылықтары толық әрі айқын көрінеді:

*Қонақсыз,  
Той-думансыз өткен өмір  
Өмірге саналмайды қазақ үшін.  
Осындай қазақ інің,  
Қазақ ағаң.  
О бастан аңсағаны – таза қоғам.  
Адамдар арасында гұмыр кешіп,  
Адаммен араласпау –  
Азап оған.*

Қазақ халқының қонақжайлығы, әр күні тойсыз өтпейтіндігі, адамдармен араласып, рухани жақын болып, бір-бірлеріне қолдау білдіруден нағыз қазақтың адами, рухани, мәдени болмысы аңғарылады. Қонақжайлық – ұлт болмысының негізгі өзегі:

*О бастан жомарт қазақ топырағы,  
Ол қашан дастарқансыз тоқырады.  
Мейманға нәрін беріп,  
Барын беріп,  
Қонақтан қалғанын жеп отырады.*

Қонаққа барын беріп, жомарттық пен мәрттік таныту – қазақ халқының және бір ерекшелігі. Бұл қасиет – ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мәдениеттің көрінісі.

*Халқымның ең қымбаты төрі ме еді?!  
Төрден ол қай уақытта жерінеді!  
Қонақсыз қалған күні  
Сол қазаққа  
Бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді.  
Баласы батаменен ауызданған  
Бабамнан мәрттік жайлы аңыз қалған.*

Қазақ ділінде ұжымдық сана басым. Әр қонақты төрге шығару – құрмет белгісі. Ал бата – рухани тәрбие құралы. Бұл – ділдегі үлкенге құрмет, кішіге ізет белгісі.

*Болмаса өз қонағы,  
Көршісінің  
Қонағын бірер күнге қарызға алған!  
Кететін жемісіңді тонап күзде  
Жел жылдар қайткенде де шолақ бізге  
Сондықтан санайды ол  
Бұл өмірге  
Келген бір бәріміз де қонақпыз деп.*

Бұл шумақтан қазақтың ділдік дүниетанымы аңғарылады. Қазақ танымында өмір қонақ сияқты өткінші, уақытша. Адам өмірге қонақ болып келеді. Өмір қамшының сабындай қысқа, сондықтан әр адам бір-біріне сыйластық пен құрмет білдіруі тиіс.

*Арудың қапалысын,  
Азалысын  
Күйменен жұбатпасаң –  
Жазалысың.  
Қонақсыз,  
Той-думансыз өткен өмір  
Өмірге саналмайды қазақ үшін! (Мырзалиев, 2019).*

Қазақ ділінде өнердің, күйдің орны ерекше. Қазақ халқы өнерге қашан да жақын. Өнер – тек көңіл көтеру құралы емес, құлазыған көңілді емдейтін рухани байланыс тілі. Қазақ халқында қонақ күту рәсімі, қонаққа ерекше құрмет көрсету – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұра (Карасик, Жакупова, Омарова, 2025). Мысалы, қазақтың қай шығармасын оқысаңыз да, қонаққа сый-құрмет көрсетуі ерекше назар аудартады. М. Әуезовтің «Абай жолы» шығармасынан: « ... *Абай тақап келгенде, үй иесі шыққан еді. Иығына шекпен жамылған сақалды біреу. Бір аяғын сылти басатын сияқты. Ербол бұрын сөйлесіп, «қонақпыз» деп өздерінің кім екенін айтып еді. Үй иесі:*

*– Е, жігіттер, түсіңдер. Дәм айдап келген екенсіңдер! Барымыз әзір!.. Кәні!  
– деп кеп Абайдың атын өзі байлады!..» (Әуезов, 1997, б. 192).*

Үй иесінің қонақтардың атын өзі байлап, құшақ жая қарсы алуынан қонаққа құрметі, қонаққа деген ерекше ілтипаты көрінеді. Дәстүрден аттамайтын адалдығы да байқалады. Яғни бұл әрекеттен «Қонақ – Құдайдың елшісі» дейтін қазақ халқы үшін қонақтың ерекше мәртебе иесі екені аңғарылады, кеңпейілдігі мен бауырмалдық қасиеті танылады. Бұндай игі дәстүр «Абай жолы» романында көптеп кездеседі. Бұған шығармада ірі жиындарға, Әйгерімнің ауылына барған Абайды күткен сәттердегі, Құнанбай ауылына келген үлкендерді күтіп алған кездегі халықтың қонаққа деген қошеметі дәлел.

Әлеуметтік-мәдени өзгерістер ықпалында қалыптасып отырған жастар

ортасында «қонақжайлық» ұғымының өзектілігін анықтау үшін ассоциативті эксперимент жүргізілді. Экспериментке 17–20 жас аралығындағы 50 респондент қатысты. Зерттеу қатысушылары Қарағанды қаласындағы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 2–3 курс студенттері болды.

Эксперимент 2025 жылдың қараша айында өткізілді. Зерттеу анонимді сауалнама әдісі негізінде жүзеге асырылып, қатысушылардың ерікті келісімімен жүргізілді. Этика талаптарына сәйкес, сауалнамаға қатысу студенттердің оқу үлгеріміне немесе академиялық көрсеткіштеріне ешқандай әсер етпейтіндігі ескертілді. Алынған деректер тек ғылыми мақсатта пайданылды.

Сауалнама құрылымы когнитивті және ассоциативті белгілерді айқындауға бағытталған 5 сұрақтан тұрды. Бұл сұрақтар «қонақжайлық» ұғымын ділдік (ментальды) бірлік ретінде тануға, оның жастар санасындағы мазмұнын, бағалауыштық сипатын және мәдени мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама сұрақтары респонденттердің:

- отбасындағы қонақ күту дәстүрлері туралы түсінігін;
- қонаққа көрсетілетін құрметтің тілдік репрезентациясын;
- қазіргі жастар ортасында қонақжайлық дәстүрінің сақталу деңгейіне қатысты бағасын;
- қонақжайлықты әлеуметтік міндет немесе ішкі ықылас ретінде қабылдауын;
- қазақ және шетелдік қонақжайлық үлгілерін салыстыра қабылдау ерекшеліктерін анықтауға бағытталды.

Мақсаты мен міндеті: респонденттер санасында «қонақжайлық» ұғымының қандай ассоциация тудыратынын анықтау; «қонақжайлық» ұғымының семантикалық өрісін белсендендіру; ұсынылған сөз-ассоциацияның респонденттердің тілдік санасындағы өзектілігін тексеру; ділмен байланысты жағдайларды анықтау және әрбір қатысушының жеке тәжірибесін тіркеу.

Эксперимент нәтижесінде 50 респонденттен жауап-реакция алынды. Жиналған деректер талданып, жеке белгілердің жиілігі бойынша ұсынылды. Есептеу нәтижесінде диаграмма жасалып, «қонақжайлық» сөзінің ұғымдық белгілерінің пайыздық қатынасы көрсетілді (сүрет 2 «қонақжайлық» сөзінің ұғымдық белгілері).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, фактілерді өңдеу негізінде «қонақжайлық» сөзінің семантикалық көлемін құрайтын 2 ұғымдық белгіні анықтадық: 1) рухани белгілер; 2) материалдық белгілер:



Сүрет 2. «Қонақжайлық» сөзінің ұғымдық белгілері

Әр белгілермен жеке танысып, 17–20 жас аралығындағы жастардың тілдік санасындағы «қонақжайлық» ұғымына түсінік берейік. Жүргізілген зерттеулер бойынша, ең жоғары жиілікпен байқалғаны – рухани белгілер (66%), онан кейін – материалдық белгілер (34%).

Сонымен, «қонақжайлық» ұғымы тудырған мынадай реакциялар:

**Рухани белгілер:** «Қонақжайлық – міндет емес, жүректен шығатын ықылас» деген көзқарас.

**Материалдық белгілер:** «Қонақжайлық – материалдық тұрғыдан бай, ауқатты адамдарға ғана көрсетілетін міндет» деген көзқарас.

Эксперимент барысында «...отбасыңызда қандай дәстүр сақталады?» деген сауалға респонденттер түгелдей бірауыздан «қонақжайлық» деп жауап берген. Бұл сұраққа респонденттер мынадай дәстүрді ұстанатындығы туралы жазған: дастарқан жайып, арнайы ас дайындалады – 72%, қонақты жылы қабылдайды – 65%, қонаққа ұлттық тағамдар әзірлейді – 22%, естелікке сыйлықтар беретіндер – 18%, қонақты төрге шығаратындар – 100%. Қонаққа деген құрметті қандай сөздер арқылы білдіресіз деген сауалға «*төрлетіңіз*», «*жоғары шығыңыз*», «*дәм ауыз тиіңіз*» т.б. сөздер арқылы білдіретіндігі көрсетілген. «Қазіргі жастар арасында қонақжайлық дәстүрі қалай сақталған» деген сауалға берілген жауапта респонденттердің пікірі екіге бөлінген. Бұл сұраққа басым көпшілігі жастардың қонақжайлық ережелерін бұрынғыдай ұстанбайтынын, оған басты себеп ретінде заман талабына сай қонақты үйге емес, мейрамхана мен кафелерге шақыратынын, уақыт тапшылығынан жастардың қонақ күтуге деген қызығушылығы жойылып бара жатқанын көрсеткен. Алайда бірнеше респондент жастар арасында қонақжайлық дәстүрінің толығымен сақталғанын келтірген. Себебі отбасында көрген тәрбие ықпалымен қонақжайлық қасиетін бойға сіңіргені туралы жауап берген. Яғни жақсы сақталған, дәстүр жоғалған жоқ деп 46%, ішінара сақталған деп 36%, ал мүлдем сақталмаған деп 10% жауап берген екен.

Жастар арасында қонақжайлықтың элементтері сақталғанмен, заманауи өмір салты ықпалымен өзгеріске ұшырауы прагматикалық сипатқа ие. «Сіз үшін қонақжайлық міндет пе, жүректен шығатын ықылас па?» деген сауалға 66% «міндет» деп жауап берсе, қалған 34% «жүректен шыққан ықылас» деп жауап берген. Бұл сауал барысында қонақжайлықтың моралдық әрі эмоционалдық аспектісі басты орын алатындығын аңғардық. Себебі қазақ халқы үшін бұл тек әлеуметтік міндет қана емес, рухани құндылық ретінде қабылданады. «Қазақ қонақжайлығы мен шетелдік қонақжайлықтың қандай айырмашылықтарын байқадыңыз?» деген соңғы сауалға респонденттердің 10% айырмашылықты байқамаса, 10% жауап бермеген. Ал 70% әр елдің өзіне тән ерекшелігі болатынын және қонақжайлықтың қазақ халқы үшін киелі ұғым, атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүр, қанға сіңген қасиет екенін, ал шетелдіктер үшін бұл дәстүрдің жат ұғым екенін жазған. Шетелдіктер үшін қонақ күтудің өте еркін әрі ашық түрде болатынын, яғни дастарқан мәзіріне де азын-аулақ қана тағам ұсынатынын (шай, кофе, тісбасар т.б.), жеке шекара мен кеңістікке қол сұқпай, яғни рұқсатсыз суретке түсу, жеке басына қатысты сұрақ қою, артық әзіл айту сияқты әрекеттерден аулақ болып, тек ресми әдеп ережелерін ұстанатынын көрсеткен. Қазақ қонақжайлығы – дәстүрдің көрінісі болса, шетелдік қонақжайлық формалді және прагматикалық сипатқа ие.

Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, адамдардың көпшілігі үшін қонақжайлық – әр елдің өзіндік ерекшелігі сақталған дәстүр, ал қонақ күту, оған құрмет көрсету – әр халыққа тән ортақ құндылық.

Сауалнама анонимді болды, сондықтан оң және теріс реакциялар болмады. Респонденттердің шығармашылық тәсілі тәжірибеге адал қатысуды және жастардың тілдік санасында «қонақжайлық» ұғымының өзектілігін көрсететін тәжірибелік жағдайларды нақтылауға бағытталған. Бұл тек жас ерекшеліктеріне байланысты емес. Ассоциациялар спектрінің өзі «қонақжайлық» ұғымының актив қолданылуын ғана емес, оның қазіргі жастар үшін ерекше маңыздылығын да айғақтайды. Жастардың тілдік санасында «қонақжайлық» ұғымының күрделі және көпқырлы мағынаға ие екендігі анықталды. Олар үшін бұл тек абстрактілі ұғым ғана емес, өмірде белгілі бір жағдайлармен, сезімдермен және адамдармен тығыз байланысты. Мысалы: қазіргі жастар үшін «қонақжайлық» ұғымының мазмұны айтарлықтай өзгерген. Әр қонақ үйге құт-береке әкеледі деген сенімдегі ата-бабаларымыз үшін қонақжайлық көбінесе өмірлік ұстаным, адамгершілік құндылық, әр қонақты құрметтеу әр адамның қасиетті парызы болса, бүгінгі жастар үшін қонақжайлық заманға сай өзгерген, яғни батыстық мәдениеттің ықпалы аңғарылады. Жеке шекараны сақтау, қонаққа шақырусыз бармау, себепсіз шақырмау, уақыт тапшылығымен байланыстыру т.с.с. себептер – қазіргі қоғам жастарында «қонақжайлық» ұғымының өзгергенінің көрсеткіші. Мұнан ділдің уақыт өте өзгеріске ұшырап отыратындығын аңғарамыз.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың басым бөлігі «қонақжайлықты» өз қалауы бойынша шақыру, отбасынан алған тәрбие дегенмен ұштастырса да, ұлттық дәстүр мен заманауи өмір салтының үйлесімі ретінде қалыптасып келеді. Дегенмен дәстүрлі құндылық ретінде маңызын біржола жоғалтпаған қонақжайлық дәстүр мен тәрбие көрсеткіші, татулық пен береке нышаны, құрмет пен сыйластық белгісінің негізгі элементі ретінде қала береді.

Эксперимент нәтижелері бойынша мына кестеге назар аударайық.

#### 1. Қонақ келгенде отбасы дәстүрлері

Дәстүр түрі	Респонденттер саны	% қатысу
Дастарқан жайып қарсы алу	36	72
Ұлттық тағам ұсыну	11	22
Естелікке сыйлықтар беретіндер	9	18

Деректер көрсеткендей, қонаққа қатысты дәстүр – дастарқан жаю. Естелікке сыйлықтар беретін рәсімі кейбір отбасында сақталғанмен, күнделікті өмірде сирек.

#### 2. Қонаққа құрмет көрсету сөздері мен тіркестері

Сөздер / тіркестер	Респонденттер саны	%қолдану
Төрлетіңіз	45	90%
Жоғары шығыңыз	40	80%
Дәм ауыз тиіңіз	25	50%

Қонаққа құрмет көрсету ережелері қоғамда тұрақты қолданылады және респонденттердің көбінде этикалық нормаларға сай. Бұл тілдік ережелердің прагматикалық әрі ділдік мәнін ашады.

### 3. Жастар арасындағы қонақжайлық дәстүрінің сақталуы

Сауалнама жауабы	Респонденттер саны	% қатысу
Дәстүрді сақтайды	23	46
Кейбір элементтері ғана бар	18	36
Дәстүр өзгерген / сирек қолданылады	5	10

Жастар арасында дәстүрдің сақталуы аралас сипатта, отбасының ықпалымен болады. Заманауи өмір салты қонақжайлық дәстүрін өзгерткен.

### 4. Қонақжайлық – міндет пе, жүректен шыққан ықылас па?

Ұстаным	Респонденттер саны	% қатысу
Рухани белгі	33	66
Материалдық белгі	17	34
Екеуінің аралас сипаты	-	-

Қонақжайлықты респонденттердің басым бөлігі рухани құндылық ретінде қарайды. Алайда материалдық тұрғыдан қарастыратындар да болды. Екеуінің аралас сипаты деген респонденттердің бірде бір бөлігінде байқалмады.

### 5. Қазақ және шетелдік қонақжайлық айырмашылықтары

Айырмашылықтар	Респонденттер саны	% қатысу
Қонаққа көрсетілетін құрмет, рәсімдер дәстүрі	35	70
Айырмашылық байқалмайды	10	20
Жауап бермеген	5	10

Қазақ қонақжайлығының ерекшелігі – дәстүрлі әрі ділдік мәннің сақталуы. Семантикалық дифференциал нәтижесі:

- «қонақжайлық» позитивті бағалау өрісінде орналасқан;
- эмоционалдық реңкі жоғары, яғни концепт эмоционалды – бағалауыштық сипатқа ие.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, мақалада қазақ танымындағы «қонақжайлық» ұғымының тілдік көрінісі қарастырылды. Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани құндылықтары тілдік бірліктер арқылы көрініс табады, бұл олардың ойлау жүйесі мен өмірлік қағидаларын анықтайды. Мақалада қазақ танымындағы «қонақжайлық» ұғымы кең мағынаға ие және ол ұлттық болмыс, рухани құндылықтар мен тарихи тәжірибе арқылы қалыптасқандығы анықталды. Қазақ халқы үшін қонақжайлық – қонаққа ерекше құрмет көрсететін ұлттық құндылық.

Бұл түсінік ғасырлар бойы қалыптасып, тілдік бірліктер арқылы халық жадында сақталған. Қазақ ділінде ерекше орын алатын қонақжайлық – қазақ халқының рухани байлығы, мінез-құлқы мен ішкі болмысының анық көрінісі. Қонақжайлық – қазақ халқының төл келбетін көрсететін маңызды ұғым.

Мақалада сауалнама нәтижелерін талдау барысында қазақ қонақжайлығының бүгінгі таңда әлі тамыры терең сақталғаны анықталды. Респонденттердің басым бөлігі отбасыларында қонақ келгенде дастарқан жайып, төрге шығарып, ұлттық тағам әзірлейтіндігі белгілі болды. Қонақжайлықтың ұлттық дәстүр, тілдік мәдениет, құндылықтар деңгейінде жақсы сақталған. Жастар арасында кейбір өзгерістер болғанымен, оның рухани құндылықтары жойылған жоқ.

Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Келген мейман «құдайы қонақпын» десе болды, үй иесі бұрын танысын-танымасын жылы шыраймен қарсы алып отырған. Сапардағы жолаушы ауылдың кез келген үйіне ойланбай түсіп, қонақ болған. Қазақ «қырықтың бірі – Қыдыр» дейді. Мұнысы «қонақты құма – шарапаты тиеді, бірімен болмаса, екіншісімен құт келеді» деп есептегендіктен. «Қонақты құа берсең, құт қашады» деуі де содан.

Қазақ халқының танымында «қонақжайлық» ұғымы «қонақ», «үй иесі» ұғымдарымен тығыз байланысты. Қазақ халқының танымында қонаққа қатысты айтылатын тілдік бірліктер көптеп кездеседі. «Қонақжайлық» ұғымы – қазақ халқының ұлттық ділін, болмысын айқындайтын ұғымдардың бірі. Бұл ұғымның өзектілігі халықтың тілдік бірліктерінде анық байқалады. Қазіргі жаһандану жағдайында бұл концепт өзгеріске ұшырағанымен, өзінің негізгі рухани мазмұнын сақтап отыр. Зерттеу қазақ тіл білімінің халықаралық ғылыми кеңістікпен интеграциялануына үлес қосады және когнитивтік лингвистика аясында жаңа нәтижелер ұсынады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. Алматы: Изд-во «Елтаным», 2012.
- Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Алматы: Жеті жарғы, 1997. 1 кітап. 320 б.
- Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию: в 2 т. Москва: Изд-во АН СССР, 1963. Т. 2. 391 с.
- Бурбаев Т.Қ. Қазақ халқы менталитетінің қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктері: элеуметтік-философиялық талдау: филос. ғылым. докт. ... автореф. Алматы, 2004. 50 б.
- Гачев Г. Национальные образы мира. Космо-ПсихоЛогос. Москва: Изд. группа «Прогресс» – «Культура», 1995. 480 с.
- Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. Москва: Прогресс, 1984. С. 156–180.
- Елжанов А. Қонақжайлық – қазақтың қасиеті // «Иман» журналы. 2023. №3 (224). URL: <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2023-05-06/42066-konakzhailyk-kazaktyn-kasieti/> (қаралған күні: 10.12.2025).
- Қазақ мақал-мәтелдері. Жинап, құрастырған Ө. Тұрманов. Алматы: Ана тілі, 1997. 184 б.

- Карасик В., Жакупова А., Омарова Н. Лингвистическая концептуализация понятия ценности «уважение» в русской и казахской лингвокультуре // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі / Язык и литература: теория и практика, 2025. Т. 4, № 3. С. 79–95. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-3-79-95>
- Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 200 б.
- Колесов В.В. Язык и ментальность. Санкт-Петербург: Петербургское востоковедение, 2004. 240 с.
- Құдабаев А.Ж. Қазақ халқының ұлттық ділінің ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. 2004. №1(21). Б. 45–52.
- Мырзалиев Қ. Қазақ пен қонақ. URL: <https://bilim-all.kz/olen/9722-Qazaq-pen-qonaq> (қаралған күні: 10.12.2025).
- Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Алматы: Асыл кітап, 2010.
- Оналбаева А.Т. Невербальное общение: социальный и национально-культурный контекст. Алматы, 2010.
- Потебня А.А. Мысль и язык. Одесса: Изд-во Украины, 1922. 185 с.
- Радбиль Т.Б. Основы изучения языкового менталитета. Москва, 2013. 368 с.
- Сураганова З.К. Основы и функции казахского обычая гостеприимства «Қонақасы» // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2006. № 2. С. 175–177.
- Хроленко А.Т. Лингвокультуроведение: Пособие к спецкурсу по проблеме «Язык и культура». Курск: изд-во ГУИПП «Курск», 2000. 167 с.
- Jafarli, A. (2025). Contextual compatibility and semantic shifts in the translation of concepts. *Til žәне әдебиет: teoriyâsy men täžiribesì / Language and Literature: Theory and Practice*, 4(4), 37–48. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-4-33-44>
- Lakoff, G. (2018). Cognitive Semantics: The Basic Mechanism of Thought. Lecture 2. In *Ten Lectures on Cognitive Linguistics*. Brill. [https://doi.org/10.1163/9789004325302\\_003](https://doi.org/10.1163/9789004325302_003)
- Pirnazarova, D. (2024). Cognitive Linguistics and the Concepts of "Concept" and "Gestalt". *Excellencia: international multi-disciplinary journal of education*, 11(02), 485–487.
- Valova, M., Temirgazina, Z., Agmanova, A., & Amangeldi, A. (2023). The Ethical Concept of Shame as a Social Regulator of the Students' Behaviour. *Analele Universităţii din Craiova, Seria ŞTIINŢE FILOLOGICE, LINGVISTICĂ, ANUL. XLV, 45(1–2)*, 506–523. <https://doi.org/10.52846/aucssflingv.v45i1-2.119>
- Wierzbicka, A. (1992). *Semantics, Culture and Cognition: Universal human concepts in culture-specific configurations*. New York: Oxford University Press.

### References

- Akhmetzhanova, Z.K. (2012). *Ocherki po natsional'noy kontseptologii* [Essays on National Conceptology]. Almaty: Eltanym. (in Russ.).
- Auezov, M. (1997). *Abai zholy: roman-epopeya*. [Abai Zholy: an epic novel]. Almaty: Zheti zhargy, Book 1. (in Kaz.).
- Baudouin de Courtenay, I.A. (1963). *Izbrannyye trudy po obshchemu yazykoznaniyu: v 2 t.* [Selected Works on General Linguistics. In 2 vols]. Vol. 2. Moskva: Academy of Sciences of the USSR Publishing House. (in Russ.).
- Burbayev, T.K. (2004). *Kazak halky mentalitetinin kazirgi kezendegi damu erekshelikteri: aleumettik-filosofiyalyk taldau* [Developmental Features of the Kazakh National

- Mentality in the Contemporary Period: A Socio-Philosophical Analysis]. Abstract of Doctoral Dissertation. Almaty. (in Kaz.).
- Gachev, G.D. (1995). *Natsional'nye obrazy mira. Kosmo–Psikho–Logos*. [National Images of the World. Cosmo–Psycho–Logos]. Moskva: Progress–Kultura. (in Russ.).
- Humboldt, W. von. (1984). On the Diversity of the Structure of Human Languages and its Influence on the Intellectual Development of Mankind. In *Selected Works on Linguistics* [Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu]. Moskva: Progress, pp. 156–180. (in Russ.).
- Jafarli, A. (2025). Contextual compatibility and semantic shifts in the translation of concepts. *Til žāne ādebiet: teoriyāsy men tāžiribesi / Language and Literature: Theory and Practice*, 4(4), 37–48. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-4-33-44>
- Karasik, B., Zhakupova, A., & Omarova, H. (2025). Lingvisticheskaya kontseptualizatsiya ponyatiya tsennosti “uvazheniye” v russkoy i kazakhskoy lingvokul'ture [Linguistic Conceptualization of the Value Concept “Respect” in Russian and Kazakh Linguocultures]. *Til žāne ādebiet: teoriyāsy men tāžiribesi / Language and Literature: Theory and Practice*, 4(3), 79–95. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-3-79-95> (in Russ.).
- Kazakh makal-matelderі (1997). [Kazakh proverbs and sayings]. Comp. by O. Turmanov. Almaty: Ana tili. (in Kaz.).
- Kishibekov, D. (1999). *Kazak mentaliteti: keshe, bugin, erten* [The Kazakh Mentality: Past, Present, and Future]. Almaty: Gylym. (in Kaz.).
- Khrolenko, A.T. (2000). *Lingvokul'turovedenie: posobie k spetskursu “Yazyk i kul'tura”*. [Linguoculturology: A Study Guide for the Special Course “Language and Culture”]. Kursk. (in Russ.).
- Kolesov, V.V. (2004). *Yazyk i mental'nost'* [Language and Mentality]. Sankt-Peterburg: Petersburg Oriental Studies. (in Russ.).
- Kudabayev, A.Zh. (2004). Kazak halkynyn ul'ttyk dilinin erekshelikteri [Peculiarities of the National Mentality of the Kazakh People]. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University*, 1(21), 45–52. (in Kaz.).
- Lakoff, G. (2018). Cognitive Semantics: The Basic Mechanism of Thought. Lecture 2. In *Ten Lectures on Cognitive Linguistics*. Brill. [https://doi.org/10.1163/9789004325302\\_003](https://doi.org/10.1163/9789004325302_003)
- Myrzaliev, K. *Kazak pen konak*. [Kazakh and guest]. Retrieved 10 December 2025 from <https://bilim-all.kz/olen/9722-Qazaq-pen-qonaq> (in Kaz.).
- Nurdauletova, B.I. (2010). *Kognitivtik lingvistika* [Cognitive Linguistics]. Almaty: Asyl Kitap. (in Kaz.).
- Onalbayeva, A.T. (2010). *Neverbal'noye obshcheniye: sotsial'nyy i natsional'no-kul'turnyy kontekst* [Nonverbal Communication: Social and National-Cultural Context]. Almaty, pp. 216–218. (in Russ.).
- Potebnya, A.A. (1922). *Mysl' i yazyk* [Thought and Language]. Odessa. (in Russ.).
- Pirnazarova, D. (2024). Cognitive Linguistics and the Concepts of "Concept" and "Gestalt". *Excellencia: international multi-disciplinary journal of education*, 11(02), 485–487.
- Radbil', T.B. (2013). *Osnovy izucheniya yazykovogo mentaliteta* [Fundamentals of the Study of Linguistic Mentality]. Moskva. (in Russ.).

- Suraganova, Z.K. (2006). Osnovy i funktsii kazakhskogo obychnaya gostepriimstva “Konakasy” [Foundations and Functions of the Kazakh Hospitality Custom “Konakasy”]. *Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Historical Series*, 2, 175–177. (in Russ.).
- Valova, M., Temirgazina, Z., Agmanova, A., & Amangeldi, A. (2023). The Ethical Concept of Shame as a Social Regulator of the Students’ Behaviour. *Analele Universităţii din Craiova, Seria ŞTIINŢE FILOLOGICE, LINGVISTICĂ, ANUL. XLV, 45(1–2)*, 506–523. <https://doi.org/10.52846/aucssflingv.v45i1-2.119>
- Wierzbicka, A. (1992). *Semantics, Culture and Cognition: Universal human concepts in culture-specific configurations*. New York: Oxford University Press.
- Yelzhanov, A. (2023). *Konakzhailyk – kazaktyn kasieti* [Hospitality is a Kazakh trait]. *Iman Journal*, 3(224). Retrieved 10 December 2025 from <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2023-05-06/42066-konakzhailyk-kazaktyn-kasieti/> (in Kaz.).

**Ш.С. Келмагамбетова, С.А. Кенжегалиев, Ж.М. Баймұрынов**

*Карагандинский национальный исследовательский университет им. Е.А. Букетова  
Караганды, Республика Казахстан*

### **ЯЗЫКОВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КОНЦЕПТА «ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ» («ГОСТЕПРИИМСТВО») В КАЗАХСКОМ МЕНТАЛИТЕТЕ**

**Аннотация.** В статье рассматривается языковая репрезентация концепта «қонақжайлық» («гостеприимство») в казахском менталитете. В ходе исследования были систематизированы лексические и фразеологические единицы, обозначающие понятие «қонақжайлық» в казахском языке, и определено его содержание в контексте национального мировосприятия. В результате анализа языковых данных было выяснено, что понятие «қонақжайлық» занимает важное место в системе духовно-культурных ценностей казахского народа и тесно связано с нравственными нормами. Посредством анализа лексических единиц, в которых объективируется этот концепт в казахском языке, было раскрыто его место и значение в системе духовно-культурных ценностей казахского народа, а также определены особенности национального менталитета, транслируемые через языковую репрезентацию концепта «қонақжайлық». Целью статьи является исследование концепта «қонақжайлық» / «гостеприимство» в национальном сознании казахского народа и его отражения в языковых единицах. В статье предлагается модель концепта, состоящая из ядерных лексем и лексем ближней и дальней периферии. Установлено, что понятие «қонақжайлық» отражено в пословицах, устойчивых выражениях и лексических единицах казахского языка и является важной составляющей национального мировоззрения. Гостеприимство как одна из основных морально-нравственных норм поведения казахского народа на протяжении веков внесло значительный вклад в становление и формирование казахского менталитета и культуры. На основе ассоциативного эксперимента были выявлены преобладающие значения понятия «қонақжайлық» в современном казахском обществе с такими понятиями, как «уважение к гостю», «накрывание стола», «проявление уважения». Полученные результаты позволяют глубже понять взаимосвязь языка и речи в современном контексте.

**Ключевые слова:** қонақжайлық; гостеприимство; менталитет; язык; ценности; языковая репрезентация; национальное сознание

**Sh.S. Kelmagambetova, S.A. Kenzhegaliev, Zh.M. Baimurynov**

*Karaganda Buketov University  
Karaganda, Republic of Kazakhstan*

## **LINGUISTIC REPRESENTATION OF THE CONCEPT OF “KONAKZHAILYK” (“HOSPITALITY”) IN THE KAZAKH MENTALITY**

**Abstract.** The article examines the linguistic representation of the concept of “konakzhailyk” (“hospitality”) in the Kazakh mentality. The study systematised the lexical and phraseological units denoting the concept of “konakzhailyk” in the Kazakh language and determined its content within the context of the national worldview. The analysis of linguistic data revealed that the concept of “konakzhailyk” occupies an important place within the system of spiritual and cultural values of the Kazakh people and is closely linked to moral norms. Through the analysis of lexical units in which this concept is expressed in the Kazakh language, its place and significance within the system of spiritual and cultural values of the Kazakh people were clarified, and the characteristics of the national mentality conveyed through the linguistic representation of the concept of “konakzhailyk” were identified. The aim of this article is to examine the concept of “konakzhailyk” / “hospitality” within the national consciousness of the Kazakh people and its reflection in linguistic units. The article proposes a conceptual model comprising core lexemes and lexemes from the immediate and extended periphery. It has been established that the concept of “konakzhailyk” is reflected in proverbs, idioms, and lexical units of the Kazakh language and constitutes an important component of the national worldview. Hospitality, as one of the fundamental moral and ethical norms of behaviour among the Kazakh people, has made a significant contribution to the development and formation of Kazakh mentality and culture over the centuries. An associative experiment revealed that the concept of “konakzhailyk” in contemporary Kazakh society is linked to concepts such as “respect for guests,” “setting the table,” and “showing respect.” The findings provide a deeper understanding of the relationship between language and speech in the contemporary context.

**Keywords:** hospitality; konakzhailyk; mentality; language, values; linguistic representation; national consciousness

### **Авторлық үлестер**

**Кельмагамбетова Ш.С.** – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, формалды талдау жүргізу, зерттеу материалдарын жүйелеу, мәтінді жазу – бастапқы жоба дайындау.

**Кенжегалиев С.А.** – зерттеу әдіснамасын әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді өңдеу және талдау, зерттеу нәтижелерін тексеру.

**Баймұрынов Ж.М.** – зерттеу әдіснамасын жетілдіру, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, мәтінді редакциялау және түзету.